

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**«Алау» республикалық әскери-спорттық ойыны ақтық кезеңі
жөнінде баспасөз хабарламасы**

Астана қаласы

2014 жылғы 24-27 маусым

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы 24-27 маусымда Щучинск қаласында «Алау» республикалық әскери-спорттық ойынының ақтық кезеңін Ақмола облысының Щучинск қаласындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусының базасында өткізді.

Ойын өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу және олардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Ойынның міндеттері:

ойын әрекеті негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

салауатты өмір салтын қалыптастыру және қолданбалы спорт түрлерін насихаттау;

өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;

командалар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

Ойынның ақтық кезеңіне облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өткізілген іріктеу турларының жеңімпаз командалары қатысты. Қатысушылардың жалпы саны – 160 адам.

Ойын бағдарламасында саптық, атыс даярлығы бойынша жеке-топтық сайыстар, саптағы байқау және Ұлы Отан соғысы кезіндегі «Ерлікке жүрекпен ұмтылу» патриоттық өлеңдер қойылымдарының байқауы, біріктірілген эстафета бойынша командалық жарыс және «Атамекен» бағдарламасы бойынша өлкетану-зерттеу жұмыстары қарастырылды.

2014 жылғы 27 маусымда «Алау» республикалық әскери-спорттық ойынның ақтық кезеңінің жабылу салтанатында жеңімпаздар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Алау» республикалық әскери-спорттық ойынының ақтық кезеңі туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1. Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы. Байланыс телефондары: 8(7172) 44-53-38, 44-53-42, электронды мекен-жайы: vpn.rumcdo@mail.ru, sro.rumcdo@mail.ru